Бекітілді:
№35 «Балақай» бөбекжай – бақшасының
меңгеруші м.у.а: А.С.Ершуакова
№1 педагогикалық кеңес шешімі
31.08.2021ж

Вариативтік компонент
«Шығармашылық» білім беру саласы
Тақырыбы: «Кел, билейік»
ересек топ балаларына жасақталған
# ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

Хореография нұсқаушысы: Р.Б.Карманова

2021-2022 оқу жылы

**Түсіндірме жазба**

**Мақсаты:** Би өнері арқылы балаға эстетикалық тәрбие беру, баланың ақыл-ой қабілетін, шығармашылық қызығушылығын және дене сымбатының дұрыс жетілуіне ықпал ету. Жеке тұлға ретінде дағдыларын меңгеруге қабілетін мектепке дейінгі жастағы бала тұлғасын қалыптастыру.

**Дамытушылығы:** Әуенді тыңдау арқылы, бидің қимыл -қозғалыстарын еркін нақты ұқыпты жасай білуге үйрету.

**Тәрбиелігі:** Баланың биге деген құштарлығын арттыру, би кезінде денесін тік ұстай билеуін, ара қашықтықты сақтауын, жасалған жаттығуды дұрыс, нақты жасауға дағдырландыру.

Балабақшаларда жас жеткеншектерді өнерге баулып, оларға эстетикалық тәрбие беруде бидің маңызы зор. Ол баланы музыка тыңдауға, ырғақты сезініп, мәнерлі қимыл-қозғалыс жасай білуге тәрбиелеп, дене бітімінің сымбатты болып өсуіне жол ашады. Халықтық дәстүрлі билері мен қазіргі би ырғақтарын меңгеріп, машықтану баланың талғамын арттырып, дүниетанымын кеңейте түседі. Музыка әуені мен ырғағына қосылып би билеу, баланың денсаулығына да пайдалы әсер етіп оны дөрекі, жағымсыз әдеттерден сақтандырады.

Бидің қай түрі үйретілсе де, тәрбиеші әсіресе, баланың кеуде тұсының дұрыс қойылуын үнемі қадағалап отыруы қажет. Биші денесінің тік тартылып тұрғандағы қалпын- құлақ күйі келтірілген музыка аспабының ішегімен салыстыруына болады. Құлақ күйі дұрыс келтірілген музыкалық аспапта орындалған шығарма қандай әсерлі естілсе, денесін дұрыс қойып үйренген биші де ойдағыдай билеп шығады. Сондықтан денені дұрыс қойып, ұстай білуге әдеттену-биді жете меңгеріп, сапалы да әсем орындаудың бірден-бір кепілі. Би үйретуші тәрбиеші-ұстаз мұны әрдайым естен шығармауы керек. Би толық іс-әрекет осы белсенділікті іске асыруына үлкен көмегін тейгізуді, үнемі сан алуан түрдегі әрекеттерді жасау баланың ырғақты сезімін ғана жетілдірмейді, оның сүйек, буын бұлшық еті қозғалысын нығайтып, зейінін, ойлау қабілетін, есте сақтау қабілетін және қиялының дамуына жағдай жасайды. Би адамдардың жаратылысымен қатар мыңдаған жылдардан бері келе жатқан өнер. Би өнері сөйлемейді, бірақ адам денесінің айқын әрекетінің құдіреттілігі сонда, би әрекеті барша түсінікті, онда ұлттықта, жас шамаға да шектеу жоқ.

| | | Өтпелі тақырып | Апталық тақырып | Мақсаты | Көрнекілік Сурет | Сергіту жаттығу | Би ( негізгі тақырыбы) | Қимылды ойын |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қыркүйек | 1 | Балабақша | Менің балабақшам | Ойыншық арқылы балалардың биге қызығушылықтарын қабілетін арттыру. | Қуыршақ сурет | Амандасу<br>Аяқтың ұшымен жүру<br>Дене қалыпты тік ұстау. | «Қуыршақ»<br>Бидің әуенімен таныстыру. | « Кім шапшаң»<br>Ойын шарты бойынша ойналады. |
| | 2 | | Менің достарым | Би кезінде өз орнын табуын, адемі нақышпен күліп билеуін; ортаны ұстауын; өзің еркін ұстауын әуенді тыңдау | Қуыршақ сурет | Марш<br>Аяқтың ұшымен жүру<br>Ара қашықтықты сақтау.<br>Айналдыру. Тұла бойды қозғалыс кезінде бұру. | «Қуыршақ»<br>Бидің қол қимыл-қозғалыстарын үйрету. | « Кім шапшаң»<br>Ойын шарты бойынша ойналады. |
| | 3 | | Менң сүйікті ойыншықтарым | Балаларға бидің аяқ арқылы жасалатын элементтерін таныстырып үйрету | Ойыншық қуыршақ | «Жыланша жүру»<br>Дене сымбатын қадағалап, қозғалыстарды жеңіл, байсалды орындау. | «Қуыршақ»<br>Бидің аяқ қимыл-қозғалыстарын үйрету. | « Тезірек шеңберге тұрайық»<br>Ойын шарты бойынша ойналады. |
| | 4 | | Жиһаздар | Балаларға бидің қол мен аяқ арқылы жасалатын элементтерін бірге үйрету. | Ойыншық қуыршақ | Шеңберге тұру.<br>Шеңберге тұруды үйрету.<br>1. Марш жүрісі.<br>2 Ирелеңдеп жыланша жүру. | « Қуыршақ»<br>Балаларға бидің қол мен аяқ арқылы жасалатын қимыл-қозғалыстарын, әуен арқылы бірге үйрету. | « Тезірек шеңберге тұрайық» шарты бойынша ойналады |

| Қазан | | Өтпелі тақырып | Апталық тақырып | Мақсаты | Көрнекілік | Сергіту жаттығу | Би (негізгі тақырыбы) | Қимылды ойын |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қазан | 1 | Менің отбасым | Менің отбасым, ата-аналар еңбегі | Әр түрлі түсті жапырақтармен таныстыру . Әуеннің басталуы мен аяқталуына баланың мән беруі. | Жапырақтар | Бірінші алға, артқа, шеңбер арқылы жүру. Жай шоңырақтау | « Жапырақтар биі» Балалардың қолына жапырақ ұстатып, әуенді тындату. | «Жапырақты түсіне қарап, ажырату» ойын шарты бойынша ойналады. |
| | 2 | | Менің көшем | Музыканы тыңдата отырып ішкі сезімін ояту. Қимылдарды ілесе қайталату | Жапырақтар | Маршпен жүру Қадам жасап жүру. Бір орында тұрып, тізені бүгіу. | « Жапырақтар биі» Бидің қол қимыл-қозғалыстарын үйрету. | «Жапырақты түсіне қарап, ажырату» ойын шарты бойынша ойналады. |
| | 3 | | Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік | Балаларды музыканың сипаты өзгергенде қимылдарын да өзгерту дағдыларын дамыту. | Жемістер | І-ші аяқ позициясын үйрету. Бағытты сақтап, педагогтің көрсетуі бойынша жасау. 2. Қадам жасау | « Жапырақтар биі» Бидің аяқ қимыл-қозғалыстарын үйрету. | «Қандай жеміс жетпейді» Жемістін Бәрін көрсетіп барып, бетін орамалмен жабады. Сездірмей бір жемісті алып қояды да, қайтадан сұрайды. |
| | 4 | | Атын күз | Дене мүшелерін игеріп, қолды, аяқты қимылдата отырып әуенмен бірге қимылдар жасауға үйрету. Әуенге ілесе қимыл жасауға дағдыландыру. | Әр түрлі жемістер | . І –ші аяқ позициясын қайталау. 2. Жай шоқырақтау | « Жапырақтар биі» Бидің аяқ және қол қимыл-қозғалыстарын бірге үйрете отырып әуенмен билету. | «Қандай жеміс жетпейді» Ойын шарты бойынша ойналады. |

| | | Өтпелі тақырып | Апталық тақырып | Мақсаты | Көрнекілік сурет | Сергіту жаттығу | Би (негізгі тақырыбы) | Қимылды ойын |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қараша | 1 | «Дені саудың жаны сау» | Өзім туралы | Қимылдарды музыканың ерекшеліктерімен үйлестіру дағдыларын дамыту. Кеудесін тік ұстауын үйрету. | Доп, жалауша, лента. | ІІ- ші аяқ позициясын үйрету. Маршпен шеруен жасап жүру. | « Көңілді балалар» Балалардың қолына доп ұстатып, әуенді тындату. | « Торғайлар мен көлік» Мақ: Балалар торғай Маскаларын киіп екі қолын сермеп құс болып ұшады, бір бала көлік болды,ол келгенде торғайлар бытырай жүгіреді. |
| | 2 | | Дұрыс тамақтану. Дәрумендер | Қимылдарды музыканың ерекшеліктерімен үйлестіру дағдыларын дамыту. | Доп, жалауша, лента. | 1. ІІ –ші аяқ позициясын қайталау. 2. Жанға жүру | «Көңілді балалар» Бидің қол қимыл-қозғалыстарын үйрету. | « Торғайлар мен көлік». Ойын шарты бойынша ойналады. |
| | 3 | | Өзіне және өзгелерге көмектес | Би билеу техникасының негіздеріне үйрету: барлығымен билеу, жалғыз жұпта , ересектің көмегімен және өздігінен би билеу. | Доп, жалауша, лента. | ІІ-аяқ позициясын қайталау. Бірінші алға, артқа, оңға, солға шеңбер арқылы жүру. | «Көңілді балалар» Бидің аяқ қимыл-қозғалыстарын үйрету. | « Үйшігінді тап» « Шеңбер болып жүрейік, Әуен тоқтап қалғанда Үйшіке біз кірейік»,- деп, балаларға ойын шартын көрсетіп, үйретеді. |
| | 4 | | Біз күштіміз,ептіміз | Билерді, ойындарды, хороводтарды орындауға қызығушылықтарын дамыту. Меңгерген дағдылары бекіту. | Доп, жалауша, лента. | ІІІ- аяқ позициясын үйрету. Бір қатарға тұрып, бірінің артынан бірі жүру. | « Көңілді балалар» Бидің аяқ және қол қимыл-қозғалыстарын бірге үйрете отырып әуенмен билету. | « Үйшігінді тап» Ойын шарты бойынша ойналады. |

| | | Өтпелі тақырып | Апталық тақырып | Мақсаты | Көрнекілік сурет | Сергіту жаттығу | Би (негізгі тақырыбы) | Қимылды ойын |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Желтоқсан | 1 | Менің Қазақстаным | Тарихқа саяхат | Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу.<br>Балалар мерекелік көңіл күй сыйлау, белгілі әуенге қимылдар жасауға үйрету | Слайд көрсету Қазақстан туралы, қазақ биі «Домбыра» домбыра суреті. | ІІІ-ші аяқ позициясын қайталау.<br>Екі аяқты алма кезек, артқа қою. | Қазақ биі « Домбыра» Балалардың қолына домбыра ұстатып, әуенді тыңдату. | «Тақия тастамақ» шарты бойынша ойналады. |
| | 2 | | Туған өлкем | Еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. | Қазақстан туралы, қазақ биі «Домбыра» домбыра суреті. | І- ші қол позициясын үйрету.<br>Басты дұрыс ұстап, аяқтың ұшымен жүруге үйрету. | Қазақ биі «Домбыра» Бидің қол қимыл-қозғалыстарынның элементтерін үйрету. | «Тақия тастамақ» шарты бойынша ойналады. |
| | 3 | | Нұр-Сұлтан Отанымыздың жүрегі. | Музыкалық-шығармашылықты танытуға ниеттендіру. | Қазақстан туралы, қазақ биі «Домбыра» домбыра суреті. | І- ші қол позициясын қайталау.<br>Екі қолды алма-кезек айналдырып қозғалту. | Қазақ биі «Домбыра» Бидің аяқ қимыл-қозғалыстарын элементтерің үйрету. | « Шаңырақ» шарты бойынша ойналады. |
| | 4 | | Тәуелсіз Қазақстан (ҚР Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер( | Балаларға ел ордасы «Астана» туралы түсінік беру. | Қазақстан туралы, қазақ биі «Домбыра» домбыра суреті. | ІІ- ші қол позициясын үйрету.<br>Екі қолды бірдей көтеріп, жанға жаймен түсіру. | Қазақ биі «Домбыра» Бидің аяқ және қол қимыл-қозғалыстарын элементтерің бірге үйрете отырып әуенмен билету. | « Шаңырақ» шарты бойынша ойналады |

| | | Өтпелі тақырып | Апталық тақырып | Мақсаты | Көрнекілік сурет | Сергіту жаттығу | Би (негізгі тақырыбы) | Қимылды ойын |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қаңтар | 1 | Табиғат әлемі | Айналамыздағы өсімдіктер | Балаларға өсімдік туралы түсінік беру. | Өсімдіктер шырша, аққайын, гүлдер. | II қол позициясын қайталау. Аяқтың өкшесімен жүру. Бір қырындап жанымен жүру. | «Аңдар» биі Балаларды бидің әуенімен таныстыру. | «Түлкі мен қояндар » Ойын шарттарын сақтау қажеттігін ескертеді |
| | 2 | | Жануарлар әлемі | Қимылдарды музыканың ерекшеліктерімен үйлестіру дағдыларын дамыту. Кеудесін тік ұстауын қадағалау | Әр түрлі аңдар суреті | III қол позициясын үйрету. (станок) Екі тізеге алма кезек отыру. Қадам жасап жүру. | «Аңдар» биі. Бидің қол қимыл қозғалысының элементтерін үйрету . | «Түлкі мен қояндар » Ойын шарттарын сақтау қажеттігін ескертеді. |
| | 3 | | Құстар- біздің досымыз | Қимылдардың орындалу тәсілдерін қабылдауын дамыту, қимылдары музыканың ерекшеліктерімен және мәнерлік тәсілдерімен қимылдарына көңіл бөлу. | Әр түрлі құстар суреті | III аяқ позициясын үйрету. (станок) Ырғақпен алақан соғыу, және аяқты топылдату. Жаттығуды икемді, мәнерлі әуенмен бірге орындау. | «Аңдар» биі Бидің аяқ қимыл қозғалысының элементтерін үйрету . | « Өз жұбында тап» Музыка әуені басталғанда балалар еркін ырғақтармен жүгіре билейді. Музыка тоқтағанда балалар өз жұбын табады. |
| | 4 | | Ғажайып қыс | Музыканың сипаты өзгергенде қимылдарын да өзгерту , бидің қимылдарын орындауға талаптандыру, шығармашылық қиялды дамыту. | Ақ қала суреті | III аяқ позициясын үйрету. Ырғақпен алақан соғыу, және аяқты топылдату. | «Аңдар» биі Бидің аяқ және қол қимыл-қозғалыстарын бірге үйрету әуенмен билету. | «Қатырам» ойын шарты бойынша ойналады. |

| | | Өтпелі тақырып | Апталық тақырып | Мақсаты | Көрнекілік сурет | Сергіту жаттығу | Би (негізгі тақырыбы) | Қимылды ойын |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ақпан | 1 | Бізді қоршаған әлем | Ғажайыптар әлемі (өлі табиғат құбылыстар) | Дене мүшелерін игеріп, қолды, аяқты қимылдата отырып әуенмен бірге қимылдар жасауға үйрету. Ырғақпен ілесе қимыл жасауға дағдыландыру. | Круг, лента | Жию , жалғау, қосу, біріктіру жинау. Секіргенде екі түзу аяқты әуеде жию. Шпагатқа отыру. Мостик жасау. | Акробатикалық шағын этюд» Ортада отыру. Аяқты екі жаққа ашыу. | « Лентамен өрнектер жасау» Жәй әуен болғанда балалар лентамен ұсақ өрнектер жасайды. Жылдам әуен ойнағанда үлкен өрнектер жасады. |
| | 2 | | Көліктер | Би кезінде денесін тік ұстай билеуін, ара қашықтықты сақтауын, жасалған жаттығудың дұрыс орындалуына көңіл бөлу. Әуенді тыңдай білу. | Круг , лента | Секіру, екі аяқтан екі аяққа тізе бүге отыру. Колесо жасау. Шпагат отыру. | Акробатикалық шағын этюд» Екі қолды жанға ашып, «серпін» қимылын жасау. аяқты асыру басымыздан | « Лентамен өрнектер жасау» Жәй әуен болғанда балалар лентамен ұсақ өрнектер жасайды. Жылдам әуен ойнағанда үлкен өрнектер жасады. |
| | 3 | | Электроника әлемі Байланыс құралдары | Би кезінде шеңберді әдемі жасауға, денесін тіке ұстап аяқтың ұшымен жүруге үйрету. Әуенді тыңдай білуге, әуенді ажыратып білуге үйрету. | Доп , жалауша | Аяқтың ұшын көтеріп тартылып тұру. Оң аяқпен бөксені көтеріп отыру, сол аяқтың тізесін жерге қою. | Акробатикалық шағын этюд» Қолды жанымызға ашып, екі жанға және алғақұлау қимылын жасау. | «Партерлік қимылдардың атын атау». Ортада жасалатын қимылдардың атын дәл тауып, оның қалай жасалуын көрсету. |
| | 4 | | Мамандықтың бәрі жақсы | Станокта тұру арқылы жасалатын қимылдардың дұрыс орындалуын қадағалау. | Доп, круг, лента. | Жерде отырып «шпагат»,»шнур» қимылдарын жасау. | Акробатикалық шағын этюд» | «Партерлік қимылдардың атын атау» |

| | | Өтпелі тақырып | Апталық тақырып | Мақсаты | Көрнекілік сурет слайд | Сергіту жаттығу | Би (негізгі тақырып) | Қимылды ойын |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Наурыз | 1 | Салттар мен фольклор | Қазақ халқының салттары мен дәстүрлері | « Наурыз» мерекесімен таныстыру. Қазақ халқының салт-дәстүрлеріне бейімдеу. | Ұлттық киімдер (сәукеле, кажекей, көйлек) | Бір қатарға келу. «Сегіздік» қимылы. Оңға, солға қисаю «Қайық» қимылын үйрету. | **«Жигіттер»** биінің әуенімен таныстыру. | « Шаңырақ» Шарты бойынша ойналады. |
| | 2 | | Ертегілер елінде. Театр әлемі | Мимикамен билеуге дағдыландыру. Шахматтық реттікке тұру. Өз орындарын таба білу. Баланың пластикасына көп көңіл бөлу. | Ұлттық тағамдар( оюлы ыдыстар) | Кезекпен кезек отырып, тұру жаттығу. Аяқты алға секіре сермеу. «Қайық» қимылын қолын созу арқылы жасау. | «Жігіттер» биінің қол қимылдарын үйрету. Гүлдерін жоғары көтеріп айналу. Шахмат реттігімен тұру. | « Шаңырақ» Шарты бойынша ойналады. |
| | 3 | | Өнер көзі халықта | Бидің қимылын үйретіп,таза дұрыс орындалуын қадағалау.Шығармаларды тыңдау арқылы музыкалық жанрларды анықтай білу. Би қимылдарын музыка ырғағымен жасау. | Ұлттық ойындар | Шағын адыммен, аттап-аттап жылжу. Адымдап жүру. Қайшылама жаттығуы. | «Жігіттер» биінің аяқ алыс қимылын үйрету. Шахмат реттігімен тұру. Орнын ауыстыру. Жұптасып билеу. | « Арқан тартыс» Шарты бойынша ойналады |
| | 4 | | Нұр көктем. Гүл көктем | Денесін түзу ұстау және әуенді тыңдай білу. Шеңбер қимылын дұрыс жасау. Әр-түрлі заттармен билеуге үйрету | Қамшы, қылыш | Жеңіл, оңай секіретін қозғалыс. Екі аяқпен секіріп, бір аяққа жерге қону. Диогналға тұру. Жыланша ирелендеп жүру. | «Жігітер» биінің қол, аяқ қимылын әуенмен бірге үйрету. | « Арқан тартыс» Шарты бойынша ойналады. |

| | | Өтпелі тақырып | Апталық тақырып | Мақсаты | Көрнекілік сурет | Сергіту жаттығу | Би (негізігі тақырыбы) | Қимылды ойын |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Сәуір | 1 | Біз еңбекқор баламыз | Аялайық гүлдерді | Әуенді тыңдауға,ырғақты сезініп,би елесіне енуге дағдыландыру.Қимылды әуен ырғағына келтіре білуге үйрету. Педагогтың айтқанын тыңдап,тапсырманы нақты,әдемі орындауға жаттықтыру. | Гүлдер , көбелектер | IV- ші аяқ, қол позициясын бірге үйрету. Аяқ пен қолды жинақы ұстау. Аяқтың ұшымен кішкене қадам жасап жүруге үйрету. | « Ара мен гүлдер» Балаларды бидің әуенімен таныстыру. | « Өз жұбында тап» Музыка әуені басталғанда балалар еркін жүгіре билейді. Әуен тоқтағанда балалар өз жұбын табады. |
| | 2 | | Ас атасы нан | Залға еркін,әдемі келіп,музыкалық-ырғақты қимылдарды жасауға дағдыландыру. Балаларды эстетикаға,адамгершілікк е тәрбиелеу,әсемдікке үйрету. | Гүлдер , көбелектер | IV- ші аяқ, қол позициясын бірге үйрету. Отырып- тұрып айналу. Станокта тұрып аяқ көтері. | «Ара мен гүлдер» биінің қол қимылдарын үйрету. Гүлдер шеңберге түрып, шалқаю. Шеңбермен жүру. | « Өз жұбында тап» Музыка әуені басталғанда балалар еркін ырғақтармен жүгіре билейді. |
| | 3 | | Жәндіктер мен қос мекенділер | Қимылдарың нақты орындалуын меңгеріп, өзіндік ерекшелігімен орындауға дағдыландыру. | Гүлдер , көбелектер | Екі жаққа алама -кезек теңселу. Отырып, тұрып айналу. | «Ара мен гүлдер» Аяқ қимылдарын үйрету. Шеңбермен жүру. | «Ара мен гүлдер» Ойын шарты бойынша ойналады. |
| | 4 | | Еңбек бәрін жеңбек | Музыканың, ойындардың, билердің қимылдардың жекелеп қабылдауды дамыту. | Гүлдер , көбелектер | Қайшылама жаттығу. Екі шеңбер жасау. | «Ара мен гүлдер» биді толық қарау. | «Біз көңілді балалармыз » Ойын шарты бойынша ойнайды. |

| | | Өтпелі тақырып | Апталық тақырып | Мақсаты | Көрнекілік сурет, слайд | Сергіту жаттығу | Би (негізгі тақырыбы) | Қимылды ойын |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Мамыр | 1 | Әрқашан күн сөнбесін | Достық біздің тірегіміз (халық достығы) | Би қимылдарын нақышына келтіре орындауын; бас ию, тәжім ету қимылдарын меңгеруін. Әуенімен танысу. | Үш ұлттың суреті (қазақ, орыс, грузин) | Тізені көтеру. Жеңіл жүгіру. Жанымен жүру. | «Қазақ, орыс, грузин биі» Үш ұлттың әуенімен таныстыру. | « Өз ұлтынды тап» Әр ұлттың әуені ойнағанда өз ұлтын табуы керек. |
| | 2 | | Отан қорғаушылар (ҚР әскері. Ұлы отансоғысының ардагері) | Әлем халықтарының билерінің элементтерің орындалуын үйрету. | Үш ұлттың суреті (қазақ, орыс, грузин | Аяқты жерге соғу. Қол шапалағы. Бірге қол мен аяқ соғу. | «Қазақ, орыс, грузин биі» Үш ұлттың қол қимыл-қозғалысымен таныстыру. | « Өз ұлтынды тап» Әр ұлттың әуені ойнағанда өз ұлтын табуы керек. |
| | 3 | | Көңілді жаз | Әр халықтың биінің орындаудағы өзіндік тән айырмашылығың түсіндіру. | Үш ұлттың суреті (қазақ, орыс, грузин | Шеңбер бойымен тізе бүгіп жүру. Өкшемен жүру. Аяқтың қырымен жүру. | «Қазақ, орыс, грузин биі» Үш ұлттың аяқ қимыл-қозғалысымен таныстыру. | «Біз көңілді балалармыз » Өзінің орнын жылдам тауып, шеңбермен жүре білу. |
| | 4 | | Мен жасай аламын | Тапсырманы орындау барсында залдағы әр түрлі сипаттағы музыка аясында би орындауын өз сезімін би арқылы жеткізе білуі. | Үш ұлттың суреті (қазақ, орыс, грузин | Өткен жаттығуларды толық қайталау. | «Қазақ, орыс, грузин биі» Үш ұлттың қол мен аяқ қимыл- қозғалысымен әуенмен толық қарау | «Біз көңілді балалармыз » Өзінің орнын жылдам тауып, шеңбермен жүре білу. |